

Джакишева У.К.,  
Ғаббасова Ә.Т.

**Ұйымның қаржылық жағдайын  
талдау әдістерінің маңызы**

Бұл мақалада автор ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың жалпы экономика үшін де, кәсіпорын үшін де маңызды екенін ашып өтті. Қаржылық жағдайға талдау жасау арқылы, белгілі бір шешім қабылдаудың маңызы мен рөлін атап, тек қаржылық жағдайы тұрақты ұйымдар ғана сенімділік дәрежесі жоғары кәсіпорындарға айналатынын айқындады. Қаржылық жағдайға талдау жасауды ұйымның есептілік нысандарын, оның ішінде ұйымның қаржылық жағдай жөніндегі есептілігі, жиынтық табыс жөніндегі есептілігі, ашқа қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, капитал қозғалысы туралы есеп және түсініктеме хат, шолудан бастаған жөн екендігі айтылған. Қаржылық жағдайды талдау қажетті басқарушы шешім қабылдауға мүмкіндік туғызады. Негізгі мәселе қаржылық жағдайды талдауда қолданылатын негізгі әдістер көрсетілген: көлденең талдау, тікелей талдау, трендік талдау, салыстырмалы талдау, факторлық талдау, қаржылық коэффициенттер әдісі.

**Түйін сөздер:** қаржылық жағдай, қаржылық тұрақтылық, есептілік, төлем қабілеттілік, талдау әдістері, көлденең талдау, тікелей талдау, трендік талдау, салыстырмалы талдау, факторлық талдау, қаржылық коэффициенттер әдісі.

Dzhakisheva U.K.,  
Gabbassova A.T.

**The importance of using methods  
of analysis of the financial  
condition of the organization**

In this article, the author notes the importance of analyzing the financial condition of the organization both for the economy as a whole and for the enterprise. Also stated that through the analysis of the financial condition of the organization can take optimal solutions to managerial problems, only those companies whose financial condition is stable can become thriving companies. In order to begin the financial analysis, the need to analyze financial statements: report of financial condition, statement of comprehensive income, statement of cash flows, statement of changes in equity, notes. The main idea of the methods used for analysis of the financial condition of the company. It: horizontal method, direct method, trend analysis, comparative analysis, factor analysis, method of financial ratios.

**Key words:** financial conditions, financial stability, accountability, solvency, methods of analysis, horizontal method, direct method, trend analysis, comparative analysis, factor analysis, method of financial ratios.

Джакишева У.К.,  
Ғаббасова А.Т.

**Важность использования  
методов анализа финансового  
состояния организации**

В данной статье автор отмечает важность анализа финансового состояния организации как для экономики в целом, так и для предприятия. Также указано, что с помощью анализа финансового состояния организации можно принять оптимальные пути решения управленческих проблем, только те предприятия, у которых финансовое состояние стабильное, могут стать процветающими компаниями. Для того чтобы начать анализ финансового состояния, нужно анализировать финансовую отчетность: отчет о финансовом состоянии, отчет о совокупном доходе, отчет о движении денежных средств, отчет о движении капитала, примечания. Главная мысль: методы, используемые для проведения анализа финансового состояния предприятия – это горизонтальный метод, прямой метод, трендовый анализ, сравнительный анализ, факторный анализ, метод финансовых коэффициентов.

**Ключевые слова:** финансовое состояние, финансовая стабильность, отчетность, платежеспособность, методы анализа, горизонтальный метод, прямой метод, трендовый анализ, сравнительный анализ, факторный анализ, метод финансовых коэффициентов.

## **ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру жөніндегі жалпы ұлттық міндеттемесін айқындады [1].

Осындай бәсеке қабілеттілік талабы тек мемлекет қана емес, осы мемлекеттің құрастырушы элементтері болып табылатын жекелеген ұйымдар үшін де айқындаушы көрсеткіш болып табылады. Бәсекеге қабілеттілік осы ұйымның қолда бар ресурстарының мөлшерімен, ресурстардың пайдаланылу тиімділігімен, қаржыландыру көздерінің меншікті болуымен, қызметінің рентабельділігімен, міндеттемелерін өтеу мүмкіндігімен сипатталады.

Аталған көрсеткіштерге баға беру мақсатында ұйымның қаржылық есептілігі пайдаланылады. Қаржылық есептіліктің мақсаты барлық қызығушылық танытқандар үшін ұйымның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайындағы өзгерістер жөнінде толық және шынайы Қаржылық талдауды жүзеге асыру үшін ұйымның қаржылық есептілігінің барлық нысандарын пайдалану қажет. Тек осылайша ғана ұйым жөнінде толық сипаттама алуға болады.

Қаржылық жағдай жөніндегі есептілік нысанына сәйкес ұйымның қолда бар мүліктерінің мөлшерін, оның ішінде қысқа және ұзақ мерзімді активтердің баланс валютасындағы үлесін, міндеттемелер мен капиталдың авансталған капитал құрамындағы үлесін білуге болады. Бұл ұйымның активтерінің айналымдылығы жөнінде, өзінің қаржылық-шаруашылық қызметін қаржыландыру көздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Пайда және зиян жөніндегі есептілік негізінде табыстылықтың абсолютті және қатысты көрсеткіштерін анықтаймыз және сол арқылы ұйым қызметінің рентабельділігіне баға бере аламыз.

Ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есептілік бойынша ақша ағымын бағалауға және соның нәтижесінде болашақ ақша ағымын болжау мүмкіндігіне ие боламыз.

Меншікті капитал өзгерісі жөніндегі есептілік бойынша капитал иеленушілердің құрамының өзгеруі жөнінде ақпарат аламыз.

Ұйымның қаржылық есептілігі ұйым қызметінің басты көрсеткіштерін сипаттайтын ақпарат көзі болып табылады. Қаржылық есептілік нысандары ұйымның қаржылық жағдайы және қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері жөнінде ақпарат беретін элементтерді жинақтап көрсетеді. Бұл элементтерге активтерді, капитал мен міндеттемелерді, табыс және шығыстарды жатқызамыз. Қаржылық есептілікте осы элементтерді танумен байланысты шарттар №1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» халықаралық қаржылық есептілік стандарты негізінде жүзеге асырылады [2].

Қаржылық есептілік аудиторлық тексерудің де басты объектісі болып табылады. Аудиторлар да қаржылық есептілікке талдау жасай отырып, оның дұрыс құрастырылғандығы, заң талаптарына сәйкестігі жөнінде тәуелсіз пікір құрастырады. Осы тәуелсіз пікірге сүйене отырып пайланаушылар шешім қабылдауда белгілі-бір тәуекелге барады. Яғни, дұрыс жүзеге асырылған талдау ұйымның нәтижелік көрсеткіштерін анықтайды және осы көрсеткіштердегі кемшіліктерді біле отырып, ұйым қызметінің бағытын ауыстыруға немесе өзге шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы – бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы ұйымның дамуын көрсететін қаржы ресурстарының жағдайы [3].

Ұйымның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Нарық жағдайында ол ең бірінші өнімді өткізуден түсетін табыстың тұрақтылығын талап етеді және оның мөлшері мемлекетпен, жабықтаушылармен, несие берушілермен, жұмысшылармен және тағы басқалармен есеп айырысу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар ұйымның одан ары дамуы үшін барлық есеп айырысулар мен барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, осы ұйымда өндірісті дамытуға, оның материалдық-техникалық базасын жаңартуға және де әлеуметтік климатты жақсартуға және басқаларға мүмкіндік беретіндей дәрежеде табыс қалуы қажет.

Қаржылық жағдайды талдауды қаржылық тұрақтылықтан бастаған жөн және оған мыналар жатады:

– ұйым активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау;

– ұйым активтерінің қалыптасу көздерінің құрамдық және құрылымдық динамикасын талдау;

– ұйымның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;

– баланс өтімділігін талдау;

– ұйымның төлем қабілеттілігін және несие қабілеттілігін талдау.

Нарықтық экономика жағдайында ұйымның қаржылық жағдайын бақылау оның қаржылық тұрақтылығы жөнінде ақпарат береді, басшы үнемі бақылап отыруы қажет. Қаржылық тұрақтылықтың өзгеруіне ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Ішкі факторлар – ұйым қызметі нәтижесінде пайда болатын және оған тікелей ықпал етуге болатын факторлар, ал сыртқы факторлар – ұйым өздігінен өзгерте алмайтын факторлар [5].

Ұйымның жағдайының төмен болуы макроэкономикалық жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Бұндай факторларды басқару мүмкін емес, сондықтан сыртқы факторларға жатқызамыз. Сол себептен сыртқы факторлар ішкі факторларға әсер етеді. Сыртқы экономикалық факторларға ұйым бір өзі әсер ете алмайды. Нарықтық экономика жағдайында ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі факторларға да, сыртқы факторларға да бейімделе білу қажет. Әрине ішкі факторларды ұйым өз күшімен өзгерте алады. Тек оны ұйым пайдасына ұтымды шеше білу қажет.

Қаржылық жағдайды талдау қажетті басқарушы шешім қабылдауға мүмкіндік туғызады. Есептік ақпарат ұйым және одан тыс жағдайда негізгі шешім қабылдаудың негізі. Ол үш функцияны жүзеге асыруда сандық ақпараттармен қамтамасыз етеді: жоспарлау, бақылау және бағалау.

Жоспарлау – істі жүзеге асыруды қалыптастыру. Олар: мақсат қою, оны жүзеге асыру жолдарын қарастырып, ішінен дұрысын таңдау.

Бақылау – нақтылы орындалған жоспарды айқындау процесі.

Бағалау – шешім қабылдау жүйесін оны әрі қарай жақсарту мақсатында зерттеу процесі. Бұл сатыда көзделген мақсатқа қол жеткізілді ме немесе жеткізіле алмады ма, осының бәрі зерттеліп, егер мақсатқа қол жетпеген жағдайда оның себептері анықталады.

Еліміздегі экономикалық жағдайды ескере отырып ұйым қаржылық қызметін терең және ұқыпты талдау негізінде объективті бағалап, ұйымның қаржылық тұрақтылығын нығайту не-

месе жақсарту және оның іскерлік белсенділігін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау үшін, басшылыққа нақты ұсыныстар беруге болады.

Нарықтық қатынастар жағдайында ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл ұйымдардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық сетіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Ұйымның қаржылық жағдайының объективті бағалаудың ең оңтайлы тәсілі – талдау, ол ұйымның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және ұйымның өндірісінің арасында байланыстырушы қызметін ақтарады.

Ұйымның қаржы жағдайын талдауда маңызды тапсырмалардың бірі оның қаржы тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштермен танысу болып табылады.

Қаржы тұрақтылығын талдау ұйымның меншікті және қарыз қаражаттарын қаншалықты дұрыс басқарып отырғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Қаржы тұрақтылығының мазмұны, қалыпты өндірістік-коммерциялық қызмет үшін қажетті ақша ресурстарының тиімді қалыптасуы мен пайдалануымен меншікті капитал қаржы ресурстарына ең алдымен таза (бөлінбеген) пайда мен амортизациялық аударымдар жатады. Қаржы тұрақтылығының сыртқы белгісі ретінде шаруашылық субъектінің төлем қабілеттілігі екендігі даусыз.

Қаржылық жағдайды талдаудың алты негізгі әдісін бөліп қарастыруға болады:

- 1) көлденең талдау;
- 2) тікелей талдау;
- 3) трендік талдау;
- 4) салыстырмалы талдау;
- 5) факторлық талдау;
- 6) қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі және баптардың үлес салмағын

анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзақ және қысқа мерзімді активтердің кәсіпорын мүлкінің жалпы құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және т.б.

Трендік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Трендік көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

Салыстырмалы талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшілердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде – тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол – кері (синтез) болуы мүмкін.

Нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдіс әр түрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, олардың есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Шешімдер қабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты болады. Бұл – қатынастарды талдаудың ең қиын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының ішкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді.

Қаржылық талдауды салыстырмалы көрсеткіштер негізінде жүргізудің шетелдік тәжірибесін механикалық түрде көшіріп алу, көп

жағдайда тиімсіз, себебі бұл жағдайда біздің кәсіпорындардың өз ерекшеліктеріне назар аударылмайды. Нәтижесінде бір көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы туралы берілген кеңестер кейбір кезде расталмайды. Дегенмен, қаржылық жағдайды талдау барысында салыстырмалы көрсеткіштерді зерттеу қажет болады, себебі ол болып жатқан жағдайларды түсінуге және де оларды тек ағымдағы мезетте ғана емес, сонымен қатар болашақта да дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Әлдеқайда кең таралған және зерттелген көрсеткіштерге мыналар жатады: өтімділік, қаржылық тұрақтылық, табыстылық және іскерлік белсенділік.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар, қаржылық жағдайды талдауда экономикалық, сондай-ақ экономикалық және математикалық статистиканың (топтау, орташа және салыстырмалы шама, графиттік және индекстік әдіс-

тер, корреляция, регрессия және тағы басқа) дәстүрлі тәсілдері қолданылады. Белгілі бір экономикалық ғылым шегінде жасалған түрлі әдістер мен тәсілдерді іскерлікпен пайдалану кәсіпорынның қаржылық жағдайына терең талдау жасауға және шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, жағдайын жақсартуға байланысты ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік береді.

Қаржылық жағдайды және оның есепті кезеңдегі өзгерісін салыстырмалы аналитикалық баланс – нетто бойынша бағалау, сондай-ақ қаржылық жағдайын талдаудың басқа бөліктерін дамытуға тиісті оның негізгі бастапқы пунктін құрайды. Баланс өтімділігін талдау, тұрақтылықты талдаудан туындап, ағымдағы төлеу қабілеттілігін бағалап, болашақтағы төлемқабілеті мен қаржылық тепе-теңдіктің сақталу мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға тиіс.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.
- 2 ХҚЕС №1 «Қаржылық есептілікті ұсыну». – Алматы, 2007.
- 3 Савицкая Г.В. Экономический анализ. – 11-ое издание. – М.: Новое знание, 2005.
- 4 Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: Учебное пособие. – М.: Инфра-М, 2001. – 215 с.
- 5 Маркар'ян Э.А., Герасименко Г.П. Экономический анализ. – М.: Приор, 2006. – 160 с.

#### References

- 1 Kazakhstan Respublicasy Prezidentinin «Kazakhstan-2050» «Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty» Kazakhstan halkyna Zholdauy. – Astana, 2012.
- 2 НКНЕС №1 «Karzhylyk eseptilikti usynu». – Almaty, 2007.
- 3 Savitskaya G.V. Economicheskiiy analiz.-11-oe izdanie. – M.: Novoe znanie, 2005.
- 4 Berednikova T.B. Analiz I diagnostika finansovo-hozyaistvennoi deyatelnosti predpriyatiya: Uchebnoe posobie. – M.: In-fra-M., 2001. – 215 s.
- 5 Markar'yan E.A., Gerasimenko G.P. Economicheskiiy analiz. – M.: Prior, 2006. – 160 s.